

Алматы темекі комбинатын жеке жоба бойынша жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 27 қыркүйек 1993 ж. N 951

Алматы темекі комбинатын мемлекет иелігінен алу жөніндегі конкурстық комитет жұмысының аяқталуына және стратегиялық инвестордың таңдалып алуына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Филип Моррис Интернэшнл Инвестмент Корпорейшн" компаниясы конкурс жеңімпазы деп танылсын, Алматы темекі комбинатының "Алматы Темекі Компаниясы" болып қайта құрылуы бекітілсін және Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті табыс еткен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Филип Моррис Интернэшнл Инвестмент Корпорейшн" арасындағы "Алматы Темекі Комбинаты" акционерлік қоғамының Жарғылық капиталын иелену туралы Қазақстан Республикасының тиісті міндеттемесі енгізілген шарт мақұлданын.

Премьер-министрдің орынбасары - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Ж.С. Кәрібжановке Үкімет атынан Қазақстан Республикасы үшін аталған шартқа қол қою тапсырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Әлем Банкімен бірлесіп сатудан түскен акциялар мен бонустар сомасының Республикалық валюта қорының валюталық шотына түсуін қамтамасыз етсін, сондай-ақ мүдделі министрліктердің, ведомстволардың және ұйымдардың қатысуымен "Филип Моррис Интернэшнл Инвестмент Корпорейшн" компаниясы аталған шарттарға сәйкес төлейтін және беретін темекі өнімдерін алу мен өткізуді жүзеге асыратын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы "Алматы Темекі Компаниясы" акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының аумағында сигареттің тауарлық таңбаларын пайдаланудағы, сондай-ақ оларды құқықтық қорғаудағы басымдығын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, Алматы, Жамбыл, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдері "Алматы Темекі Компаниясы" акционерлік қоғамын аталған шарт шеңберіндегі барлық қажетті рұқсат етулермен және тіркелулермен қамтамасыз етсін және Акционерлік қоғамның ұйымдық мәселелерін шешуге жәрдем көрсетсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне - "алтын акция" иесіне - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясының қатысуымен

жасалған шартты жүзеге асыру барысында республика мүддесінің сақталуына бақылауды қамтамасыз ету тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК